

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 147 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 22 сәуірде № 5124 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2020 жылғы 11 наурыздағы № 92 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 11.03.2020 № 92 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының:

1) "Субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" 2018 жылғы 31 қазандағы №510 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4857 тіркелген, 2018 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 31 қазандағы "Субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 510 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 20 ақпанындағы № 71 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5061 тіркелген, 2019 жылдың 25 ақпанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы "19" сәуірдегі № 147 қаулысына 1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 26.02.2020 № 69 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, (теңге)	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру	10 000	134 731	1 347 301,6
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	20 000	41 543	830 860,0
	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл				

2.	тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	1 305	130 500,0
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	5 993	898 950,0
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу		225 000	5 973	1 343 910,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу				
1.1	бір жынысты	сатып алынған	10 000	310	3 090,3
1.2	қос жынысты	доза	5 000	1 941	9 701,2
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	273	40 950,0
2.2	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген		225 000	490	110 250,0
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	90 616	453 080,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	600	274 230	164 538,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	1 448 942	86 936,5
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	сатып алынған бас	140 000	391	54 740,0
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекция-лық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас/шағылысу маусымы	40 000	6 410	256 400,0
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/ шағылысу маусымы	1 000	588 242	588 241,5
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
2.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2 500	293 586	733 965,0

2.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		1 500	962 937	1 444 405,5
3.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	4 592	36 736,0
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	бас/шағылысу маусымы	10 000	1 207	12 070,0
<b>Жылқы шаруашылығы</b>					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	12	1 200,0
<b>Балара шаруашылығы</b>					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5 000	8 200	41 000,0
<b>Барлығы</b>					<b>8 588 825,6</b>

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы "19" сәуірдегі № 147 қаулысына 2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы әкімдігінің 26.02.2020 № 69 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, (тенге)	Субсидияланатын көлем (тонна)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
<b>Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы</b>					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	1 548,5	309 696,6
2.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағы, килограмм	200	2 935,6	587 115,8
<b>Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы</b>					
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:			48 674,5	1 182 173,9
1.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық		35	24 779,8	867 291,5

1.2	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе	20	7 593,5	151 869,0
1.3	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өңделген килограмм	10	9 306,0	93 060,0
1.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10	6 995,3	69 953,4
Етті құс шаруашылығы					
1.	Құс егін өндіру құнын арзандату			47 836,4	3 705 683,6
1.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	80	42 337,8	3 387 023,5
1.2	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		60	4 372,9	262 373,1
1.3	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		50	1 125,7	56 287,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату			496 227,9	1 357 450,4
1.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	3	265 459,4	796 378,2
1.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		2,7	74 559,7	201 311,1
1.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		2,5	53 672,0	134 180,0
1.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		2,2	102 536,9	225 581,1
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы өткізу құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	10 010	30 030,0
2.	Өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату				
2.1	сапасы 60-тан басталатын жүн	өткізілген немесе өңделген килограмм	150	1 419,9	212 990,9
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	6 806,7	408 401,9
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	2 784,8	153 161,3
Барлығы					7 946 704,4